

Зеренді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 91 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № А-1/321 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 шілдеде № 4864 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеренді ауданы әкімдігінің «2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» 2015 жылғы 12 ақпандағы № 91 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4689 болып тіркелген, 2015 жылдың 20 наурызында «Зерен» және «Зерделі Зеренді» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

3 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.»;

О с ы қ а у л ы н ы ң қ о с ы м ш а с ы н д а :

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны» жолындағы, «жеке меншік» бағаны «50» санымен толықтырылсын;

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)» жолындағы, «жеке меншік» бағаны «21476» санымен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)» жолындағы, «жеке меншік» бағаны «21476» санымен толықтырылсын;

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға ата-ананың ақы төлеу жоғарғы мөлшері (теңге)» жолындағы, «жеке меншік» бағаны «15 000» санымен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Зеренді ауданының әкімі

А.Мұратұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК